



«Бекітемін»:

КеаҚ «Абай атындағы ҚазҰПУ»

Дене шынықтыру және алғашқы

әскери дайындық факультеті

деканы

Е. Оспанқұлов

04 2025 ж.



**D004 – Бастапқы әскери дайындық педагогтарын дайындау (8D014-
Жалпы дамудың пәндік мамандануымен педагогтарды даярлау білім
бағдарламасы) бойынша докторантураға түсу емтиханының
БАҒДАРЛАМАСЫ**

Алматы, 2025 ж.

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Бағдарлама «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығына (бұдан әрі – үлгілік қағидалар) сәйкес жасалды.

2. Докторантураға түсу емтиханы сұхбаттасудан, эссе жазудан және білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша емтиханнан тұрады.

Блогы	Балы
1. Сұхбаттасу	30
2. Эссе	20
3. Білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан	50
Барлығы/ өту ұпайы	100/75

3. Түсу емтиханының ұзақтығы – 3 сағат 10 минут, осы уақыт ішінде оқуға түсуші эссе жазады, электрондық емтихан билетіне жауап береді. Сұхбаттасу ЖОО қабылдау емтиханының алдында өткізіледі.

1. Түсу емтиханын өткізу тәртібі

1. «D004 – Бастапқы әскери дайындық» білім беру бағдарламалары тобына докторантураға түсушілер проблемалық / тақырыптық эссе жазады. Эссе көлемі – 250 сөзден кем болмауы керек.

Эссе мақсаты – теориялық білімге, әлеуметтік және жеке тәжірибеге негізделген өз аргументациясын құрастыру қабілетінде көрініс табатын аналитикалық және шығармашылық қабілеттер деңгейін анықтау.

Эссенің түрлері:

– зерттеу қызметіне ынталандырушы себептерді ашатын мотивациялық эссе;

– жоспарланған зерттеудің өзектілігі мен әдістемесін негіздейтін ғылыми-аналитикалық эссе;

– пәндік саладағы ғылыми білімнің әртүрлі аспектілерін көрсететін проблемалық/тақырыптық эссе.

2. Электрондық емтихан билеті 3 сұрақтан тұрады.

Білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтиханға дайындалуға арналған тақырыптар.

**«Бастапқы әскери дайындықты оқытудың теориясы мен әдістемесі»
пәні**

1 тақырып. Бастапқы әскери дайындықтың теориялық-әдістемелік негіздері

Жоғары кәсіптік білім беруді модернизациялаудағы ғылымдардың маңызы. Тұлғаны зерттеудегі әдіснамалық тәсілдер мен әдіснамалық принциптер. ЖОО-да оқуға тұлғалық-әрекеттік және құзыреттілік тәсілдер.

2 тақырып. БӨД сабағын жоспарлаудың құрылымы мен кезендері

Жылдық және күнтізбелік-тақырыптық жоспарға қойылатын талаптар. Педагогикалық қызметтің жеке стильдері. БӨД сабағын жоспарлаудың мақсаты мен маңыздылығы. БӨД пәнін жүйелі, мақсатты және нәтижелі жүргізу.

3 тақырып. Бастапқы әскери дайындық бойынша заманауи оқыту технологиялары.

Заманауи оқыту технологияларының мәні мен мақсаты. АКТ (ақпараттық-коммуникациялық технологиялар) мүмкіндіктерін қолдану. Университеттің цифрлық білім беру ортасы. Цифрлық ресурстарды, интерактивті құралдарды, симуляцияларды қолдана отырып, білім берудің сапасын арттыру. Модельдеу және симуляциялық оқыту.

4 тақырып. Оқу орындарындағы әскери-патриоттық тәрбие жұмысының негізгі бағыттары.

Әскери-патриоттық тәрбиелік іс-шаралар мен олардың мазмұны. Тәрбие процесі және оны университетте ұйымдастырудың психологиялық заңдылықтары. Студенттік жастағы адамгершілік тәрбие: мифтер мен шындық. Студенттердің рухани-адамгершілік тәрбиесі. Тәрбие беру және әлеуметтендіру технологиялары. Жоғары мектептегі білім беру процесін оңтайландыру факторы ретінде студент тұлғасының бейімделу әлеуетін дамыту.

5 тақырып. БӨД оқытуда құзыреттілікке бағытталған тәсілді жүзеге асыру жолдары.

Құзыреттер түрлері және оларды қалыптастыру әдістері. Кәсіби қызмет субъектісінің сипаттамасы. Кәсіби қалыптасу және бейімделу. Кәсіптік сана-сезім мен құзыреттілік. Адамдардың кәсіби құзыреттіліктерінің өзара іс-қимылы: іскерліктер мен дағдылар.

6 тақырып. Бастапқы әскери дайындық сабақтарында қолданылатын оқыту әдістері мен формалары.

БӨД оқытудағы дәріс, практикалық сабақ, жаттығу, тактикалық ойын түрлері. ЖОО-да оқыту әдісі және оқыту әдістерін жіктеу түсінігі. Оқытудың белсенді түрлері мен әдістері. Бағдарламаланған оқыту және оның ақыл-ой әрекеттерін кезең-кезеңмен қалыптастыру теориясына сәйкестігі. Бағдарламаланған оқытудың негізгі әдістемелік құралдары. Проблемалық оқыту. Ойлау оқытудың танымдық іс-әрекетінің процесі ретінде. Оқытудың дәстүрлі әдістері. Интерактивті (коммуникативтік оқыту) оқыту. Оқытудың

белсенді ауызша әдістері. Оқытудың көрнекі әдістері. Оқытудың эвристикалық әдістері.

7 тақырып. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері құрылымы мен функциялары.

Сабақта бұл тақырыпты оқыту әдістемесі. ҚР ҚК жалпы ұйымдық құрылымы. ҚР Қарулы Күштерінің түрлері. Қарулы Күштердің функциялары мен негізгі міндеттері. Нормативтік-құқықтық негіздері.

8 тақырып. Атыс дайындығы: оқу мазмұны және әдістемесі.

Қауіпсіздік техникасы мен қарумен жұмыс істеу ережелері. Атыс дайындығының мақсаты. Әдістемелік негіздері, оқыту формалары. Қарумен практикалық жаттығуларды орындау сапасы. Төтенше жағдайларда әрекет ету тәртібі.

9 тақырып. Тактикалық дайындық бөлімдері: жеке құраммен оқу-жаттығу ұйымдастыру.

Взвод және бөлімше деңгейінде тактикалық дайындықтың мақсаты мен міндеттері. Тактикалық дайындықтың негізгі бөлімдері. Оқу-жаттығу сабақтарын ұйымдастыру кезеңдері. Топографиялық және инженерлік-далалық дайындықпен кіріктірілген сабақтар. Бастамашылдық пен көшбасшылық қасиеттерді жетілдіру

10 тақырып. Азаматтық қорғаныс және ТЖ кезіндегі іс-қимылдарды оқыту әдістемесі.

Жаттығу кезіндегі алғашқы медициналық көмек көрсету тәртібі. Төтенше жағдайда әрекет ету алгоритмі. ҚР ТЖМ (Төтенше жағдайлар министрлігі) мен басқа құтқару құрылымдарының функциялары. Табиғи (жер сілкінісі, су тасқыны, өрт), техногендік (жарылыс, химиялық апат), биологиялық және әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайлардың түрлері. Бейбіт және соғыс уақытындағы азаматтық қорғаныс жүйесінің міндеттері

11 тақырып. БӘД пәні бойынша оқушылардың білімін бағалау критерийлері мен әдістері.

Қалыптастырушы және жиынтық бағалау түрлері. Оқушылардың білім, білік және дағдыларын объективті анықтау. Әскери-патриоттық тәрбие деңгейін, тәртіптілік пен жауапкершілікті бағалау. Білім беру процесінің нәтижелілігін талдау. Мотивацияны арттыру және оқу сапасын жақсарту

12 тақырып. Жасөспірімдермен әскери-патриоттық жұмыс жүргізудің педагогикалық шарттары.

Жас ерекшеліктерін ескере отырып жұмыс істеу. Тұлғаның динамикалық құрылымы: өзін-өзі бағалау, шағымдар, сәттілік, өзін-өзі растау. Жасөспірімдермен әскери-патриоттық жұмыстың жеке бағыттылығы және өзіндік сана-сезімі. Жасөспірімдердің ойлау және мінез-құлық стратегиялары. Жасөспірім тұлғасын дамыту және әлеуметтену кезеңдері. Оларды игерудің нормалары мен механизмдері.

13 тақырып. Әскери жарғыларды оқыту әдістемесі және оларды меңгерудің тиімді тәсілдері.

Әскери жарғылардың мәні мен маңызы. Әскери қызметшілердің құқықтары мен міндеттері. Командир мен бағыныштының қарым-қатынасы. Саптағы жүріп-тұру тәртібі, сәлемдесу, бұйрық орындау. әртіптік шаралар және марапаттау тәртібі.

14 тақырып. Оқытушының коммуникативтік құзыреттілігі

Коммуникативтік құзыреттілік түсінігі. Адамдардың бір-бірін қабылдауы және түсінуі. Педагогикалық қарым-қатынас. Адамдар арасындағы қабылдаудың әсері: «жаңалық», «біріншілік», «ореол», «стереотип».

Коммуникация тиімділігі. Сезімді білдіру және өзін-өзі таныстыру мәдениеті. Жанжал және оны психологиялық талдау. Жанжалдың конструктивті психологиясы. Конфликтологиялық сауаттылық.

15 тақырып. Оқу процесінде әскери-қолданбалы спорт түрлерін пайдалану.

Спорттық-әскери дайындық элементтерін енгізудің маңыздылығы. Әскери-қолданбалы спорттың мәні мен маңызы. Қолдабалы әскери-қолданбалы спорт түрлері. Білім алушылардың төзімділігін, шапшаңдығын, дәлдігін, батылдығын, командалық жұмысқа бейімділігін дамыту.

1. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

Негізгі:

1. Е. Б. Адельбаев, Н. Т. Асиров, А. Н. Рыспаев, Б. Н. Нұрмаханов. Жоғары кәсіби білім беру ұйымдарындағы әскери даярлық : оқу құралы /. - Астана : Самғай біл. 3 бөлім: Жалпы әскери пәндер. - 2-ші бас., қайта өнд. және толық. - 2024. - 387 б

2. Гунин В. Н., Баранчев В. П., Устинов В. А., Ляпина С. Ю. Управление инновациями: 17- модульная программа для менеджеров "Управление развитием организации" / - М : ИНФРА-М, 1999. - ISBN 5-16-000058-5 (Модуль 7). - ISBN 5-16-000068-2

3.«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнін оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдама. Әдістемелік ұсынымдама. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2017. – 122 б.

4. Иманасова Ж. С. Әскери құрылымдарда іс жүргізу : жарлықтар, бұйрықтар, жарғылар, қаулы, баянаттар, өкімдер, өтініштер, телефонограммалар / Ж. С. Иманасова. - Алматы : Дәуір, 2014. - 344 б.

5. Ахметов, Б. Р. Төтенше жағдайлар және Азаматтық қорғаныс : оқу құралы / Б. Р. Ахметов, А. К. Демеуов. - Алматы : ADAL KITAP, 2024. - 168 б.

6. Ахметов, Б. Р. Әскери-патриоттық тәрбие негіздері : пәнінен оқу құралы / Б. Р. Ахметов, А. Қ. Демеуов, А. К. Бекбосунов. - Алматы : ADAL KITAP, 2022. - 140 б.

7. Джакубақынов, Б. Б. Әскери оқыту мен тәрбиелеудің идеологиялық, педагогикалық-психологиялық негіздері : оқу-әдістемелік құрал / Б. Б. Джакубақынов, Н. Төлегенұлы, М. Ауесбаев. - Алматы : Абай атындағы ҚазҰПУ "Ұлағат", 2021. - 220 б.-94экз Ұлағат 2022/001

Ғылыми зерттеу әдістері пәні

1 тақырып. Жоғары мектептің ғылыми қызметінің тарихы. Қазіргі әлемдегі ғылымның рөлі

Ғылым және ғылыми-педагогикалық зерттеулер. Жоғары мектеп ғылыми қызметі және тарихы. Қоғамдағы ғылымның негізгі функциялары. Ғылыми зерттеулердің типологиясы. Қазақстандағы ғылымның даму тарихы. Іргелі, қолданбалы ғылыми зерттеулер мен әзірлемелер. Педагогика саласындағы зерттеуші және зерттеу қызметі. Қазіргі әлемдегі ғылымның рөлі.

2 тақырып. Ғылыми педагогикалық зерттеулердің негіздері.

Педагогиканың классикалық және заманауи әдіснамалық принциптері. Ғылыми-педагогикалық зерттеулердің ғылыми аппараты. Зерттеудің әдіснамалық параметрлері. Ғылыми-педагогикалық зерттеудегі гипотеза және зерттеудегі оның рөлі. Ғылыми-педагогикалық зерттеудің жетекші идеясы.

3 тақырып. Қазақстан ғылымының нормативтік-құқықтық базасы

Қазақстан ғылымының нормативтік-құқықтық базасы. Зияткерлік меншік объектілері. Қазақстан Республикасының Ғылым туралы заңнамасы. ҚР "Ғылым туралы" Заңы. "Инновациялық қызмет туралы" ҚР Заңы. Зияткерлік меншік құқығы туралы ҚР Азаматтық кодексі. ҚР Патенттік заңы. ҚР зияткерлік меншік объектілеріне өтінім беру ережесі (монография, оқулық, оқу құралы, электрондық оқулық, оқу бағдарламасы және т.б.).

4 тақырып. ҚР-да және шетелде ғылыми және педагогикалық кадрларды даярлау және басқару жүйесі

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік ғылыми-техникалық саясатының принциптері мен басымдықтары. Қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар саласындағы басымдықтар. ҚР ғылымды басқару құрылымы. АҚШ, Жапония, Франция, Германия, Ұлыбритания, Ресей, Қытайдағы ғылымның заңнамасы, тарихы, жай-күйінің қысқаша сипаттамасы. ҚР-да және дамыған шетелдерде ғылыми кадрларды даярлаудың заманауи жүйесі мен сатылары. Шет мемлекеттердегі ғылыми кадрлар даярлауды ұйымдастыру. Шетелдерде ғылыми кадрлар даярлауды ұйымдастыру: PhD, Doctor of Science, Full Professor және т. б.

5 тақырып. Ғылымның даму заңдылықтары және халықаралық ғылыми-педагогикалық ынтымақтастық

Ғылым дамуының жалпы заңдылықтары. Ғылыми ақпарат шынайылығы, ҚР-да және шетелде ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау жүйесі. Халықаралық ғылыми-педагогикалық ынтымақтастық. Әлемнің түрлі елдері ғалымдарының ғылыми-педагогикалық ынтымақтастығының түрлері. Халықаралық қорлар мен гранттар бойынша ғылыми-ақпараттық қызмет

6 тақырып. Педагогтің әдіснамалық, ғылыми-зерттеу және этикалық мәдениеті.

Педагогтың ғылыми-зерттеу мәдениеті және оның құрылымы. Педагогтың ғылыми-зерттеу құрылымы. Педагогтың зерттеуші ретіндегі әдіснамалық мәдениеті мен құзыреті. Ғылыми ұжымдағы қарым-қатынастың моральдық-психологиялық мәселелері. Ғылыми қызметкер және ғалым-педагогтың кодексі. Ғылыми этикеттің нормалары мен принциптері.

7 тақырып. Ғылыми-педагогикалық зерттеулердің түрлері. Педагогика ғылымының құрылымы және түрлері.

Ғалымның шығармашылық тұлғасы, ғылыми және шығармашылық қызметінің ерекшеліктері. Ғылыми ұжым түрлері. Ғылыми қызметкерлерді ынталандыру. Педагогика ғылымының құрылымы және ғылыми-педагогикалық зерттеулердің түрлері. Мамандықтар жіктеуішінің ғылыми мамандықтар номенклатурасына сәйкестігі.

8 тақырып. Педагогикалық эксперимент. Педагогикалық зерттеу әдістері және олардың жалпы сипаттамасы.

Педагогикалық эксперименттің түрлері, объектілері, кезеңдері. Зерттеу әдістері. Әдістердің жіктелуі, критерийлер мен типологиясы. Зерттеу әдістерінің дәстүрлі классификациясы. Педагогикалық зерттеу әдістерін әртүрлі негіздер бойынша жіктеу (авторлар негізінде).

9 тақырып. Ғылыми әдебиеттерді зерттеу технологиясы.

Ғылыми қызметтің жалпы технологиялары. Ғылыми ақпарат дереккөздерінің түрлері. Оқу немесе ғылыми мәтінді зерттеу технологиялары. Ғылыми мәтіндерді жазу технологиясы. Ғылыми баяндамалар технологиясы.

10 тақырып. Ғылыми зерттеуді ұйымдастырудың логикасы мен технологиясы

Зерттеудегі логика ұғымы. Зерттеу логикасын анықтау жолдары. Ғылыми зерттеудің мәселесі және оның типологиясы. Ғылыми зерттеуді ұйымдастырудың логикасы мен технологиясы

11 тақырып. Педагогикалық зерттеудің ғылыми және тұжырымдамалық аппараты

Ғылыми зерттеудегі тұжырымдама. Ғылыми зерттеудегі тұжырымдаманың жіктелуі. Ғылыми зерттеу тұжырымдамасының мәні. Зерттеу тұжырымдамасының белгілері.

12 тақырып. «Action Research» педагогтың зерттеу қызметінің тәсілі ретінде

«Action Research» - іс-әрекеттегі зерттеу ретінде. Іс-әрекеттегі зерттеудің мақсаты. Іс-әрекеттегі зерттеу саласы, түрлері, кезеңдері. Іс-әрекетті зерттеудегі этика мәселелері

13 тақырып. Ғылымизерттеу нәтижелері: бағалау критерийлері

Ғылыми зерттеу нәтижелері мен негізгі бөліктеріне сипаттама. Ғылыми зерттеулердің нәтижелерін анықтаудың негізгі формалары. Қорғауға ұсынылатын қағидаларды құрастыру ережелері. Ғылыми зерттеу жұмысы бойынша алынған мәліметтер: түсіндіру, сынақтан өткізу және енгізу зерттеу нәтижелері / презентация жасау.

14 тақырып. Ғылыми мәтін педагогикалық зерттеулердің нәтижесі ретінде

Ғылыми зерттеудегі ғылыми мәтіннің түрлері мен маңызы. Ғылыми мәтіннің құрылымы: «Әдебиеттерге шолу», «зерттеу әдістемесі», «нәтижелер», «талқылау», «қорытынды». Ғылыми еңбек даярлаудағы озат педагогикалық тәжірибені жан-жақты зерделеу. Ғылыми мәтіндердің түрлері: «мақалалар»,

«диссертациялар», «монографиялар». Ғылыми мақала жазу: «жазуға дайындық», «деректерді жинау және талдау», «жазу және редакциялау».

15 тақырып. Педагогикалық зерттеулердің нәтижесі ретінде білім берудегі өзгерістер (инновациялар)

Педагог жұмысындағы инновациялық білім беру үдерісі және инновациялық педагогикалық қызмет. Қазіргі педагог-зерттеуші және адам тұлғасын жасаушы. Педагогтің кәсіби қызметіндегі педагогикалық білім. Ғылыми зерттеуді жүзеге асыру нәтижесінде тиімді оқыту.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

1. Законы РК: «Об образовании», 2007; «О науке», 2011; Концепция о государственной научно-технической политике РК, 2001.
2. Мынбаева А.К. Организация и планирование научных исследований (в области педагогики и образования): учебное пособие для магистратуры. - Алматы: Қазақ университеті, 2017. - 300 с.
3. Скаткин М.Н. Методология и методика педагогических исследований. – М.: Педагогика. – 150 с.
4. Мынбаева А.К. История, теории и технологии научной деятельности высшей школы: Монография. -Алматы, 2010. -256 с.
5. Таубаева Ш.Т. Педагогикалық зерттеулердің әдіснамасы мен әдістері: оқулық.- Алматы.-«Қазақ университеті», 2019.-360б.
6. Қаңтарбай С.Е. Ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістемесі: оқулық: ҚР Білім және ғылым министрлігі бекіткен / С.Е. Қаңтарбай, Ж.А. Жүсіпова; ҚР Білім және ғылым министрлігі. – Алматы, 2012. - 272 б.
7. Шкляр М.Ф. Основы научных исследований. УП.-М.: Изд. дом «Дашков и К», 2008. – 243с.
8. Тихонов В.А., Корнев Н.В., Верона В.А., Остроухов В.В. Основы научных исследований: теория и практика. СПб.: Гелиос АРВ, 2006.
9. Öchsner, Andreas (2013), "Types of Scientific Publications", Introduction to Scientific Publishing, SpringerBriefs in Applied Sciences and Technology, Springer Berlin Heidelberg, pp. 9–21, doi:10.1007/978-3-642-38646-6_3, ISBN 9783642386459
10. Mogull, Scott A. (2017). Scientific And Medical Communication: A Guide For Effective Practice. New York: Routledge. ISBN 9781138842557.
11. D. Mavinic (2006). "The "Art" of Plagiarism". Canadian Journal of Civil Engineering. 33 (3): iii–vi. doi:10.1139/l06-901.
12. "Publication Ethical Standards: Guidelines and Procedures". AIAA Journal. 45 (8): 1794. 2007. Bibcode:2007AIAAJ..45.1794.. doi:10.2514/1.32639.

Құрастырушылар:

І. Оспанкулов Е.Е.